

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 38 "Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жараптандыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Манғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 08 шілдедегі № 128 қаулысы. Манғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 тамызда № 3126 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 38 "Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жараптандыру туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-6-131 болып тіркелген, 2011 жылғы 2 наурыздағы № 13-14 (441-442) "Ақкетік арайы" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі 1 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын:

"1. Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар №1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулыға №1 қосымша, осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының талаптары сақтала отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау участкелері туралы сайлаушылар хабардар етілсін.

3. "Түпқараған ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Г. Демеуова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне

енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

T.Acayov

"КЕЛІСІЛДІ":

Тұпқараған аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы
А.Куанбай
"08" шілде 2016 жыл.

Тұпқараған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "8" шілдедегі №128
қаулысына қосымша

Тұпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үтітік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар 1. Стендтер, тақталар:

Форт-Шевченко қаласы бойынша:

1) "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Тұпқараған аудандық бөлімшесі ғимаратының маңы;

2) "Қазақстан Халық банкі" ашық акционерлік қоғамы Маңғыстау облысындағы филиалының Тұпқараған аудандық бөлімшесі ғимаратының маңы;

3) қалалық теміржол кассасы ғимаратының маңы (ескі автобекет);

4) "Нұрай" дүкенінің маңы (Тұпқараған ауданы әкімдігінің "Тұпқараған электр жүйесі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы).

Баутин ауылы бойынша:

1) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Тұпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының сол жағы;

2) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы – Маңғыстау облыстық телекоммуникациялар дирекциясының Тұпқараған аудандық телекоммуникациялар торабының ауылдық бөлімшесі ғимаратының маңы (почталық байланыстың ауылдық бөлімшесінің ғимараты);

3) "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының Баутин филиалы ғимаратының маңы.

Баутин ауылы Аташ елді мекені бойынша:

1) "Тұпқараған аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесінің "Аташ кітапханасы" бөлімшесі ғимаратының маңы.

Ақшүкір ауылы бойынша:

- 1) "Қазпочта" акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының почталық байланыстың ауылдық бөлімшесі ғимаратының маңы;
- 2) Тұпқараған ауданы әкімдігінің "Ақшұқыр мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы;
- 3) "Малика" қосқабатты дүкенінің маңы;
- 4) шаруашылық жүргізу құқығымен Тұпқараған ауданы әкімдігі жаңындағы "Коммуналдық қызмет" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының маңы.

Таушық ауылы бойынша:

- 1) "Таушық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі және "Қазпочта" акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының почталық байланыстың ауылдық бөлімшесі ғимаратының ортасы;
- 2) "Таушық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен "Таушық" ауыл шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңесінің ортасы.

Сайын Шапагатов ауылдық округі бойынша:

- 1) "Сайын Шапагатов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы;
- 2) Сайын Шапагатов ауылдық округінің фельдшер-акушерлік пункті ғимаратының маңы;
- 3) "№1 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы.

2.Тұғырлар:

Форт-Шевченко қаласы бойынша:

- 1) Ақтау қаласы жағынан кіреберістегі автожолының екі қапталы;
- 2) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тұпқараған орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аудандық емханасы ғимаратының маңы.

Баутин ауылы бойынша:

- 1) Тұпқараған ауданының әкімі аппараты "Ақбота" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы;
- 2) "Достық" қонақ үйінің маңы.

Баутин ауылы Аташ елді мекені бойынша:

- 1) Әліби Жангелдин көшесіндегі №1 қосқабатты тұрғын үйдің маңы.

Қызылозен ауылы бойынша:

- 1) "Ақтаукоопсауда" дүкенінің маңы.

Таушық ауылы бойынша:

- 1) "Таушық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы.

Сайын Шапағатов ауылдық округі бойынша:

1) "№1 жалпы орта білім беретін мектеп-лицеі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы.

Ақшұқыр ауылы бойынша:

1) "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" комерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы- "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Тұпқараған аудандық бөлімшесінің Ақшұқыр секторы ғимаратының маңы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК